**БЕКІТЕМІН**
**АҚ бастығы Қ.Сағырбайұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры**
**_________ Қ.Садықбеков**

**«03» 03.2025 жылы**

Қ.Сағырбайұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп басшы құрамымен, оқытушыларымен және оқушыларымен 03.03.2025 жылғы жалпы мектептік сейсможаттығуға даярлық және өткізу

**ЖОСПАРЫ**

**ТАҚЫРЫБЫ:** 2024-2025ж. оқу жылындағы АҚ жоспарына сәйкес 2025 жылғы 1-наурыз Дүнеие жүзілік Азаматтық күніне орай мектептің башылық құрамымен қызыметкерлерің іскимылдары

**ОҚЫТУ МАҚСАТЫ:**

-Жалпы – оқу орнының жер сілкінісі кезіндегі АҚ шараларын орындауға даярлығын тексеру.

-Басшы, оқытушы құрамы үшін – жер сілкінісі кезінде АҚ шараларын ұйымдастыру мен өткізуге практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**ӨТКІЗЕТІН УАҚЫТ**: 03.03.2025ж.

**ӨТКІЗЕТІН ЖЕР**: оқу сыныптары мен мектеп ғимаратының аумағы.

**СЕЙСМОЖАТТЫҒУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**: мектептің басшы, оқытушы құрамы, техникалық қызметкерлер.

**ОҚУ СҰРАҒЫ**: Топта болған уақытта жер сілкінісі кезіндегі оқытушылар құрамымен практикалық іс-әрекеті.

**МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР**:

- Жер сілкінісі кезіндегі халық іс-әрекеті жөніндегі жаднамалар, таблицасы.

Мектеп ғимаратынан оқушыларды щұғыл көшірудің жоспар-схемасы.

Мектептегі қауіпсіз аумақтың жоспар-схемасы.

Сейсможаттығуды өткізу жөніндегі сынып жетекшілерінің жеке жоспары.

Хабарландырудың техникалық құралдары.

Медициналық қамсыздандыру. Санитарлық қобдишалар, санитарлық зембілдер дәрі-дәрмек.

**ЖАЛПЫ МЕКТЕПТІК СЕЙСМОЖАТТЫҒУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

| **Басшының іс-әрекеті** | **Оқытушының (сынып жетекшісінің) іс-әрекеті** | **үйренушінің іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Кеңесте басшы және оқытушы құрамға жалпы мектептік сейсможаттығуды өткізуге даярлық және өткізу туралы бұйрық айтылады. | Сынып жетекшілері мектеп ғимаратынан оқушыларды көшіру жоспарын, мектеп аумағында сыныптарда жаттығу өткізу мерзімін нақтылайды:<br>- 1,2 сыныптар<br>- 3,4 сыныптар<br>- 5,6 сыныптар<br>- 7,8 сыныптар<br>- 9,10 сыныптар<br>- 11 сыныптар | «Баршаның назарына!» дабылы бойынша, өз іс-әрекеттерін нақтылайды. Жер сілкінісі кезіндегі халықтың іс-әрекеті туралы жаднамаларды,кітапшаларды зерделейді. Мектеп ғимаратындағы сыныптарда салыстырмалы қауіпсіз орындарын, мектеп ғимаратынан шығатын бағытты, мектеп аумағына сыныптарды орналастыратын жерді нақтылайды. Өзіне және өзара көмекті көрсетуге үйренеді. Мақта-мата |

| | | |
|---|---|---|
| | | таңғыштарын ықтимал пайдалануға әзірлейді. |
| | Ғ.Садықбеков топ жетекшісі өз сыныбын даярлайды және 03.03.2025ж.бүкіл мектеп оқушыларына жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекетін көрсетеді. | |
| Мектеп басшылығы, дәнекер сыныптар бойынша мектеп оқушыларымен жаттығулардың өткізілуін бақылайды, оны өткізуге практикалық көмек көрсетеді. | Барлық сыныптардың сынып жеткешілері басқа уақыттарды практикалық жаттығу өткізеді. Оқушылардың іс-әрекеті саналы, сауатты болу үшін әрбір жаттығуға сайіскерлік рухын және ойын элементтерін енгізеді. | Жер сілкініс кезінде (сынып құрамында) іс-әрекеттерді пысықтауға қатысады. |
| АҚ штабының бастығы ТЖ құрамалары командирлері мен жер сілкінісі салдарын жою жұмыстарына құрамалардың әзірлік жағдайын нақтылайды. | Құтқару тобының, санитарлық тіректің, өрт сөндіру буынның, қоғамдық тәртіпті қорғау топтарының командирлері жеке құрамды, функционалдық міндеттерді, жарақтау тәртібін нақтылайды, адамдарды құтқару, өрт сөндіру, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі практикалық сабақтарын өткізеді. | Құрамалардың жеке құрамы өздерінің функционалдық міндеттерін зерделейді, адамдарды құтқару, өрт сөндіру, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-әрекеттерді пысықтайды. |
| **Оқытушы құрамымен балалардың сейсможаттығу кезіндегі практикалық іс-әрекеті** | | |
| Сабақ басталғанға дейін директор басшы және оқытушы құрамының кеңесінде сейсможаттығуды өткізу үшін жауапты адамдары тыңдайды, сейсможаттығудың практикалық бөлігін пысықтауға арналған белгіленген дабылды жеткізу тәртібін, уақытын нақтылайды, дәнекер мен басшы құрамның орнын белгілейді. | Бірінше сабақ өткізетін барлық оқытушылар оқушыларға жер сілкінісінің басталғаны туралы дабылдың мектепте орнатылғандығын осы дабыл бойынша оқушылардың іс-әрекеті мектеп ғимаратынан шыққаннан кейін жиналатын орынды естеріне салады. Жалпы мектептік сейсможаттығуды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуына назар аударады. | Әр оқушы алғашқы дүмпу кезінде алдын ала өзі үшін салыстырмалы қауіпсіз орынды таңдайды (партаның, бағананың асты, ішкі қабырғаның бұрышы, есіктің ойығы) мақта-дәкі таңғышын ықтимал пайдалануға әзірлеп оны қалтасына салады. |
| Сыныптарда сабақ өткізуші оқытушылар «Жер сілкінісінің «Қаупсіз орындарға тұрыңдар деп жариялайды. Оқытушының өзі сынып журналын ұстап, есік ойығындағы орынға барып тұрады. | Үлкен үзілістің алдындағы сабақтың аяқталуына 2-3 минут қалғанда жер сілкінісінің басталғандығ туралы дабыл соғылады. | Барлық сыныптардың оқушылары терезеге арқасын беріп және бастарын қолдарымен жауып, ішкі қабырға бұрышындағы аралықтағы есік ойығындағы, қауіпсіз орынға тоұрып, мұғалімнің әмірі бойынша сыныптан шығуға әзір тұрады. |
| Бірінші дүмпу аяқталғаннан кейін 1-2 ші қабаттағы | | Оқушылар мұғалімнің әмірімен дабырсыз |

| | | |
|---|---|---|
| сыныптардың жетекшілері көшеміз, шығамыз деп әмір береді. Сынып оқушыларын сабақтан кейін оқытушы журнал бойынша түгелдейді. Нәтижесін мектеп директорына (оқу бөлімінің меңгерушісіне) баяндайды. | | ғимараттан шығып, мектеп аумағындағы сынып үшін белгіленген орынға барады. Қажет жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсетеді. |
| | АҚ құрамаларының командирлері, адамдар мектеп ғимаратынан шыққаннан кейін құраманың жеке құрамның жиналуын мектеп АҚ штабының бастығы арқылы жариялайды, оларға құрал-жабдық береді және мектеп ғимаратында қалған адамдарды құтқаруды, өрт сөндіруді, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады. | АҚ құрамасының жеке құрамы мектеп ғимаратында қалған адамдарды құтқаруға, өрт сөндіруге, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысады. Өрт сөндіру буындарының бірі алғашқы дүмпу аяқталғаннан кейін орталық электр тетігін ажыратады. |
| **Сейсможаттығудың қорытындыларын шығару** | | |
| Мектеп директоры тұрақты құрамның кеңесінде орынбасарларды, дәнекерлерді тыңдайды, жалпы мектептік сейсможаттығудың қорытындысын шығарады, талдауды, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар береді, жеке талқылау өткізу үшін уақыт белгілейді. | | |
| | Жалпы мектептік сейсможаттығу қорытындыларын шығару жөніндегі кеңесте оқытушылар өз іс-әрекеттерінің бағалануын, анықталаған кемшіліктерді саралайды, олардың жою жолдарын анықтайды, сыныптарда жеке | |
| АҚ бастығы-мектеп дирктоpы ТЖ жөніндегі бөліммен, аудандық (калалық) білім бөліміне өткізілген жалпы мектептік жаттығу туралы есепті тасырады. | Сейсможаттығуды өткізген оқытушылар мектеп директоры тағайындалған уақытта өздері сабақ өткізген сыныптар оқушыларымен жеке талқылаулар өткізеді. | Оқушылар сейсможаттығулар өткен кезде жіберген қателіктерді саралайды және келесі жаттығудың барысында оларды жояды |

АҚ штабының бастығы: М.Әділхан